Development of rural tourism as a tool for the preservation of culture

The development of a given place or settlement can be successful if built on local endowments. We must not neglect, however, those «soft» factors without which the respective place would not have been attractive. A large part of this is made by elements of local culture: habits, traditions, crafts, local architecture etc. [1] We can only neglect what we do not know. If we know something, we are attached to it; it becomes part of us, if not in other way, in forms of feelings. On this ground, a known habit is a more definite part of culture related to a respective place, which may be the pledge of survival in some problematic regions and cultures.

Key words: local development, Leader programme, local action group.

The Leader programme in the European Union

The Leader+ is one of the Structural Funds financed community initiatives of the EU, with the help of which rural citizens of the Union can make use of the long term growth potential of their own regions. The basic pillars of the programme, promoting integrated, high quality and original strategies of sustainable development, are partner communities and networks for exchange of experience. The programme is partly financed by the Guidance part of the EAGGF, while the rest is usually covered by public and private contributions [2].

The LEADER is a French acronym: Liaison Entre Actions pour le Developpement de l'Economie Rurale = Community Initiative for the Development of the Rural Economy.

The community initiative launched by the European Community in 1991 promotes sustainable development by the solution of economic, social and environmental problems at local level in the rural areas of Europe. The aim of the Union, then with fifteen member states, was to stop the further falling behind of impoverishing and ageing rural areas, and the almost two decades of experience — also in the 12 countries that have joined since then — seem to justify the *raison d'être* of the programme [3].

LEADER is built on the joint efforts of local public administration, entrepreneurs and non-governmental organisations, empowering their communities with real decision-making competencies. Geographically contiguous groups of settlements, with a total of 10 to 100 thousand population, are designated for the implementation of rural development strategies worked out by the stakeholders. Actors formerly coexisting and working next to each other become partners with the same rights, working jointly for the future of their own regions.

More than half of the 500 million population of the European Union live in rural areas (in settlements with less than 10.000 inhabitants or with population density below 120 persons/km²), which is 90 % of the total territory of the continent. The rural areas of Europe are very much different, though: the spread of the LEADER initiative was promoted by the recognition that development strategies are more effective and efficient if they are made and then implemented at local level by the local actors. The foundations of LEADER are clear and transparent decision-making process, the cooperation of the stakeholders and the creation of the infrastructure necessary for the transfer of good practices.

The difference between measures by LEADER and traditional rural development policy is that the former provides guidance on «how» to achieve the respective goal, and does not prescribe «what» to do. Local participation, real cooperation and joint thinking, which may appear as auxiliary elements elsewhere, are the main features of operation in this place — this is the reason why the programme is more important than its share from the resources suggests.

The seven pillars of LEADER make a system of tools. The point is that the elements have a positive correlation, each of them supplements the others, exerting thereby a long-term impact on the development dynamism of rural areas and also on the capacity of the local actors to identify and solve problems:

- 1) Area-based development;
- 2) Bottom-up approach;
- 3) Trilateral partnership: business, non-governmental and public sector;

- 4) Innovation;
- 5) Integrated intersectoral approach;
- 6) Network operation;
- 7) Cooperation [4].

At local level, an original and important feature of the LEADER approach is the setting up and operation of «local development association» called local action group (LAG). The LAG is responsible for drafting and implementing the local development strategy, making decisions on the planning, use and management of resources. They may be successful by:

- collecting, unifying and promoting available human resources from the public sector, the private sector and the non-governmental organisations;
- the recognition of the connection points, joint projects and actions involving several sectors which bring local actors together, so that local synergy is achieved and the critical mass necessary to increase economic competitiveness is reached;
- promoting with continuous consultations the openness to cooperation, dialogue among the different rural actors who often have little experience in cooperation;
- supporting the adaptation process to the changes of the agricultural sector (e.g. quality products, food chains), to the diverse challenges of rural economy and to environment conscious lifestyle.

Local action groups decide (locally!) on the main directions of the local rural development strategy, its detailed content and also on the projects to be supported. Empowered with experienced and professional group members and the necessary decision-making authority, a LAG represents an organisational model that can positively influence the complex processes of rural development.

A pilot project — how a rural ecotourism accommodation is established

LEADER then is an EU co-financed programme whose aim is to support developments that are in line with the local economic development objectives.

The tender was submitted by a private entrepreneur in 2013, under the name «*Cherry garden eco-lodge and lookout tower*» in the category «Other accommodations». Local action groups that decide on the support of a given tender defined an objective related to rural development. In the case of this particular tender it was «Tourism development pilot project» including innovative services: establishment of recreational and health tourism, and business promotion.

The basic aim of the project is economic development with touristic purposes. The project consists of several elements: construction, procurement of machinery, marketing, other costs. The amount of state support is 60 %.

The aim of the project is a pilot tourism development with innovative services: the establishment of recreation and health tourism. The contribution of the project to the objectives defined in the Local Rural Development Strategy (LRDS) is as follows:

- Tourism, a major breakout point of the area, has considerable multiplier effect. The development of the quality and innovative touristic services defined in the project promotes the achievement of the goals set in the Local Rural Development Strategy and contributes to the formation and development of the local economic structure. Incomes from tourism strengthen local economy, contributing thereby to the improvement of the quality of life.
- The project is organically linked to the major new investments realised in the recent years (Dinnyés Traditionalist Centre, Vital Hotel Nautis, Gate of the Lake of Velence, single bicycle path around the Lake of Velence, Pákozd Mészeghegy theme route, gallery of the Lake of Velence, Birds' Song study path etc), promoting thereby the implementation of the chain of experiences, supplementing that with new services.
- In case of its successful implementation, the project assists the expansion of the touristic season (achievement of «four-season» tourism) even in those months that are traditionally a dead season in touristic services (late autumn bird migration). It will thereby increase the popularity of the area and positively influence the image of the Lake of Velence. In addition, the project is integrated into innovative service programme packages designed to meet the demands of recreational and health tourism, creating a new possibility not only for the local residents but also visitors to the area.
- As a summary, a complex development is planned that integrates the opportunities of recreational tourism with equestrian, cycling, cultural, enological and ecotourism, realised in the framework of cooperation agreements made with the local service providers. The latter e.g. is served by the cooperation with the Danube-Ipoly National Park or the Municipality of Pákozd, improving the access of visitors to affordable

accommodations, on the one hand, and by the construction of a bird watch tower in another target area of the project, on the other hand.

In the framework of the project three developments will be realised:

1. By the renovation of a building on the outskirts of Csirib village a community accommodation will be established that will be used for the implementation of the tourism services specified in the objectives. This involves renewal of the building and providing its security (instalment of an alarm system).

2. In the six hectare Natura 2000 territory along the Dinnyés-Pákozd road a bird watch tower will be built, with the support of the Danube-Ipoly National Park, suitable in the framework of ecotourism for the observation of the values of nature, with special regard to the migration of birds in the spring and autumn. Costs include the construction of the lookout tower and its security (fence).

3. With regard to the local development in Csirib, a location not really popular with tourists for the time being, and to the cooperation with the local service providers, a webpage will be made that allows the launch of the tourism service (marketing goals) in this relatively unknown location. This will include, on the one hand, an online booking system, and the recommendation of the local service providers by allowing reduced priced services, on the other hand. Costs include the design of the website.

The implementation of the project will lead to the realisation of an accommodation and touristic attraction (bird watch tower) that integrate a less popular settlement part (Csirib) into the service chain, allowing this way the increase of local employment (cleaning, guiding groups), and also establishes a long-term cooperation among the local service providers by the online integration of services mutually assisting each other, which is actually a basic requirement of the projects supported by the European Union [5].

Following the operational principles of LEADER and meeting the objectives of the LAG will be realised in the project by direct and indirect cooperation.

Direct cooperation will be realised by cooperation agreements within the project, signed by the tourism service providers around the Lake of Velence and the related businesses and institutions for the foundation of joint work. In order to realise this we tried to make as many cooperation contracts as possible in the competency area of the LAG, in the following areas:

- enological tourism (Lake of Velence Wine Route Association, Csóbor Winery);
- ecotourism (Danube-Ipoly National Park);
- cycling tourism (Municipality of Pákozd, Bodor bicycle rent service);
- kayak tours (Lake of Velence Non-for-profit Development Ltd.);
- equestrian tourism (Grand Equestrian Farm).

The support of the Danube-Ipoly National Park is worth a sentence, as it includes both the bird watch tower to be established in the area and the occasional accommodation of their guests.

Indirect form of cooperation can be seen in the preference of local businesses in the implementation of the project, increasing thereby the income generation potential of the micro-region and its ability to keep the incomes within the area. It is a goal of selected importance to keep as much as possible of the amounts paid for the developments generated by the project within the micro-region.

The development will be realised in two real estates coming from the two locations:

1. Gárdony-Csiribpuszta: the ground of the development is the estate in the outskirts of Csirib (14–18 Nádasdy street, land registry number 0109/19). The real estate is family owned; it has a territory of 2,909 m², on which there is a building of 300 m², formerly used as a student accommodation, and in need of renovation. The house is perfect for the objectives of the project. The roof of the building and all doors and windows will have to be replaced, and the interior design of the building will have to be transformed so that the accommodation should meet the criteria specified for community accommodations by the relevant legal regulations.

2. Pákozd: the other location of the project is the also family owned site on the outskirts of Pákozd, land registry number 0178. As a Natura 2000 protected area, it will allow along the Dinnyés-Pákozd road the construction of a bird watch tower. Presently the real estate is used as a meadow; some parts are covered by reed.

It is important to stress that skills necessary for implementing the project (tourism, environmental protection, agricultural qualifications) and language skills (English and Russian) are available.

Financial data of the project

Specification of activity	Total net expenditure /EUR/	Support required for project implementation /EUR/
Construction	74,835.5	4,4901.3
Procurement of machinery	599.6	359.8
Procurement of other equipment	0	0
Preparation and implementation of event	0	0
Marketing	1650	990
Training (preparation and implementation)	0	0
Other administration fees	1,833.3	1,100
Other fees	0	0
Total:	78,918.5	47,351.1

Source: project data.

Summary

The goal of the project to be implemented is to establish auxiliary attractions in a county of Hungary mostly renowned for its industry, in the neighbourhood of a popular domestic tourism resort. The project is basically economic development oriented, by the establishment of an accommodation. The project will be implemented in 2014 and it will hopefully contribute to the preservation and maybe even the development of Csiribpuszta, a residential place on the outskirts of a village.

References

- 1 Glatz Ferenc: Új vidékpolitika, AK, Budapest, 2008, p. 280.
- 2 Dorgai L.–Miskó K. (1999): A vidékfejlesztés finanszírozása az Európai Unióban. [Budapest: Agrárgazdasági Kutató és Informatikai Intézet.] 116. p. [Agrárgazdasági Tanulmányok (12)].
- 3 Miskó K. (2002): Rural development program in the European Union. In: Research and Information Institute for Agriculture: Studies in Agricultural Economics (98) Budapest: Research and Information Institute for Agriculture, p. 49–59.
- 4 [ER]. Access mode: www.leader.hu
- 5 Tóth E. (szerk.) (2001): Alternative possibilities in agricultural employment. In: Research and Information Institute for Agriculture: Studies in Agricultural Economics (95) Budapest: Research and Information Institute for Agriculture, p. 85–90.

М.Фрешли, Ж.Хустыи, З.Раффай

Ауылдық туризмнің дамуы мәдениетті сақтаудың аспабы ретінде

Мақалада қандай да бір жергілікті елді мекен немесе орын арнайы қор құрылғанда өте сәтті дамидығы көрсетілген. Жергілікті орын тартымды болу үшін кейбір факторларды ескерусіз қалдырмау керектігі айтылған. Олардың маңыздылары: дәстүрлер, әдеттер, қол өнері, жергілікті архитектура және т.б. екендігі дәлелденген. Жергілікті орындар туралы нені білмеген, соларды ғана ескерусіз қалдыруға болатындығы айтылған. Жергілікті орынмен байланысты белгілі әдет-дәстүрлер жергілікті мәдениеттің анықталған нақты бір бөлігі болып табылатындығы, ол тіршілік жағдайын күрделі аймақта орнасса да, ондағы мәдени мұра сақталуы қажеттігі негізделген.

М.Фрешли, Ж.Хустьи, З.Раффай

Развитие сельского туризма как инструмент для сохранения культуры

В статье указывается, что развитие того или иного места или поселения может быть успешным, если для этого создан специальный фонд на основе местных вкладов. Показано, что нет необходимости, пренебрегать некоторыми факторами, без которых соответствующее место не будет привлекательным. Отмечено, что важны элементы местной культуры: привычки, традиции, ремесла местная архитектура и т.п. Показано, что мы можем только пренебречь тем, чего мы не знаем. Определено, что часть культуры, связанная с соответствующим местом, возможно, является фактором выживания в некоторых проблематичных регионах и культурах.

ӘОЖ 332.142.001.365:331.5

Б.С.Есенгелдин¹, Г.Қ.Мырзатаева², И.Т.Нұрымова³

¹ *Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;*

² *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана;*

³ *Алматы экономика және статистика академиясы (E-mail: yessen_baur@inbox.ru)*

Аймақтық еңбек нарығы дамуының әлеуметтік негіздері

Мақалада еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты талдай отырып, жүзеге асыруға тиісті бағыттар мен атқарылатын іс-әрекеттерді тұжырымдау қарастырылған. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан аймақтық еңбек нарығының мазмұны нақтыланған. Теориялық-әдіснамалық деңгейде нарықтық экономикада халықты жұмыспен қамтудың бағыттары мен басымдылықтары зерттелген. Аймақтағы еңбек нарығын реттеу үшін маңызды факторлар анықталған. Осы шарттарда аймақтың ерекшеліктерін, аса маңызды өндірістік және өмір сүруді қамтамасыз етуші салалардағы жеке сектордың басымдылығын ескеретін аймақтық экономикалық саясатты қалыптастыру жүргізіліп отыр. Нормативтік-құқықтық, ұйымдық-басқару, ақпараттық-талдамалық қосалқы жүйелерінің негіздеуі жасалған аймақтардағы еңбек нарығын тиімді қамтамасыз етудің ұйымдық-экономикалық тетігі ұсынылған. Аймақтық еңбек нарығының ұйымдық-экономикалық тетігін жетілдіру тәжірибесі жалпыланған және оның тиімділігін жоғарылату жолдары анықталған.

Кілт сөздер: еңбек нарығы, аймақ, жұмыспен қамту, жұмыссыздық, еңбекақы, әлеуметтік саясат, экономикалық саясат, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік төлемдер, әлеуметтік жәрдемақы.

Мемлекет басшысы 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саясатын жаңғырту жөніндегі міндеттерді қойды:

- ең алдымен, *мемлекеттік органдардың өңірлік даму саласындағы жұмыстарын үйлестіруді күшейту қажет;*
- өтіп бара жатқан жылда *біз моноқалаларды дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды бастадық. Жаңа жұмыс орындарын ашуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, кәсіпорындар жұмысын жетілдіруге айтарлықтай ресурстар бағытталды. Сонымен бірге бізге өңірлерде әлеуметтік-экономикалық жағдайларды теңестірудің тиімді жаңа тетіктері қажет;*
- *бізге көші-қон мәселелерін кешенді түрде шешу бойынша ел өңірлеріндегі еңбек нарығына ықпал ететін шаралар қабылдау қажет [1].*

Бұл мәселелерді шешу үшін аймақтық экономикалық мүдделерді іске асыруға бағытталған аймақтық саясаттың жаңа жолын қолданған дұрыс. Осыған байланысты әкімшілік басқарудың аймақтық деңгейінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық әдістерін зерттеу, экономикалық қатерлерді айқындау әдістемесін жасау, қазіргі жағдайлардағы экономикалық жүйелерді басқарудың тетігі ретіндегі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бағыттарды және аймақтық саясатты негіздеу ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Елбасының тапсырмасымен еліміздің еңбек нарығындағы қалыптасқан жағдайды оң шешуге, индустриялық саясатты жүзеге асыру үшін еңбек әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін бұрын-соңды болмаған «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты — жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға жәрдемдесу, жұмыссыздық деңгейін төмендету арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу. Бағдарламаны іске асыру келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

2) ауылдағы жеке кәсіпкерлік бастаманы қолдау және тірек ауылдарды кешенді дамыту есебінен ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу арқылы жұмыс орындарын құру;

3) жұмыс берушінің нақты сұранысын есепке ала отырып, оқыту және жұмысқа орналастыруға және қоныс аударуға жәрдемдесу [2].

Жалпы, бұл бағдарлама халық арасында жақсы қабылданып, экономиканың өрлеуіне, оң жетістіктерге жетуіне әсерін тигізуде.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету — халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Аймақтық еңбек нарығын реттеудің әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-инфрақұрылымдық қызмет ету тетіктерін жетілдіру, облыс тұрғындарын жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғаудың белсенді формасы ретінде жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау, қоғамдық бағдарлама жасау негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Зерттеушілердің ойынша, еңбек нарығындағы жұмыссыздықтың оңтайлану механизмін қарастыра отырып, оны реттеудің басқа да механизмдерін бөліп көрсетіп, жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру мақсатында заманауи жағдайларда ресми мақұлданған болуы мүмкін. Оларға жататындар:

1) еңбек төлемін қаражаттандырудың түрлі тәсілдері;

2) жұмыс орындарын үлестеу механизмдері;

3) азаматтарды жедел қайта оқытуды ұйымдастыру;

4) азаматтарды аумақтық қайта бөлуді ынталандыру;

5) жұмыс уақытының икемді тәртібі шарттарындағы еңбекке жұмыс орындарын ашуға жұмыс берушілерді ынталандыру;

6) қоса атқарушылықты реттеу;

7) уақытша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру.

Еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамту саласындағы үдерістер әрқашан әлеуметтік-экономикалық даму аспектілерінің орталық мәселелері болып табылады. Себебі елдің тұрақты дамуы тікелей тұрақты жұмыспен қамтылу және еңбек нарығы саласындағы әр түрлі қолайсыз жағдайлардың алдын алумен байланысты.

Нарықтық қатынастарға көшу мен экономикалық реформалауға байланысты жаңа тәуелсіз елдерде жұмыспен қамтылу, жұмыссыздық мәселелері пайда болады. Еліміздегі нарықтық экономикаға әсер ететін қаржылық және экономикалық тұтқалардың, нарықтық инфрақұрылымының жетілдірілуі көптеген әлеуметтік мәселелерді, әсіресе еңбекке және жұмыспен қамтылу саласындағы мәселелерді өте маңызды ете түсті.

Жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақстандық еңбек нарығы аймақтық еңбек нарықтарының қарама-қайшылықтарын бойына жинақтаған. Сондықтан да жұмыс күші еңбек нарығын саралау үшін және сол негізде макродеңгейде біртұтас стратегия құру үшін республикадағы жұмыспен қамту мәселесіне толық талдау жасау қажет.

Экономикалық өсудің алғашқы жылдары еңбек нарығындағы оңтайлы өзгерістерге толы болды, бірақ анағұрлым мәселелі аймақтарда жағдай экономикалық дамыған аймақтармен салыстырғанда баяуырақ жақсарды. Бұл тек Қазақстанға ғана тән емес, сондай-ақ экономикалық өсу кезеңіне ғана тән емес. Экономикалық жағдай нашарлаған кезде дамыған аймақтарда жұмыссыздық анағұрлым тезірек өседі, ал әлсіз дамыған аймақтарда, керісінше, жайырақ өседі. Осылайша, аймақтық теңгерімсіздік қысқара түседі. Экономикалық ахуал жақсарған сайын күшті аймақтар жұмыссыздықты бірінші болып тез қысқартады, сондықтан аймақтық ерекшеліктер өсе түседі.

Мысал ретінде Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда облыстарын алуға болады, мұнда соңғы бес жыл ішінде жұмыссыздық 15 %-дан астам деңгейге дейін қысқарды, бұл орташа республикалық деңгейден екі есе көп (1-кесте). Алайда Қазақстан үшін жұмыссыздық деңгейіндегі аймақтық ерекшеліктердің тұрақты өсуін экономиканың циклдылығымен ғана түсіндіру мүмкін емес. Себептердің бірі демографиялық факторлардың әсері болып табылады. Аймақтардың көбісінің жұмыссыздықтың төмен деңгейіне өтуі тек экономикалық өсу мен жаңа жұмыс орындарын қалыптастырумен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығына келетін жастардың саны азаюы мен көптеген жұмысшылардың зейнетақыға шығуымен байланысты. Жұмыссыздық деңгейін төмендетудің төмен көрсеткіші байқалатын артта қалған, ауыл шаруашылық аймақтардағы жағдай өзгеше — тұрғындар санының қарқынды табиғи өсімі кезінде жастардың еңбек нарығына келуі артады, ал экономикада заңда жұмыс орындары инвестициялар үшін көптеген институционалдық және т.б. бөгеттердің болуы себебінен аз ашылады.

1 - кесте

Қазақстан аймақтары бойынша 2007–2012 жж. жұмыссыздық деңгейі, %

Аймақ	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011ж.	2012 ж.
Қазақстан Республикасы	7,3	6,6	6,6	5,8	5,4	5,3
Ақмола	8,0	7,1	6,9	5,8	5,5	5,3
Ақтөбе	7,4	6,4	6,0	5,3	4,9	5,0
Алматы	6,7	6,4	6,5	5,6	5,1	5,0
Атырау	7,4	6,3	6,1	5,4	5,0	5,0
Батыс Қазақстан	7,8	7,1	6,3	5,6	5,3	5,1
Жамбыл	7,7	6,5	6,5	5,7	5,5	5,4
Қарағанды	6,7	6,2	6,1	5,5	5,3	5,1
Қостанай	7,5	6,9	6,3	5,7	5,4	5,2
Қызылорда	8,2	6,9	6,6	5,9	5,5	5,3
Маңғыстау	8,5	6,9	7,1	6,4	5,8	5,7
Оңтүстік Қазақстан	6,9	6,6	6,6	5,9	5,7	5,6
Павлодар	6,9	6,4	6,4	5,6	5,2	4,9
Солтүстік Қазақстан	6,9	6,3	6,3	5,8	5,4	5,2
Шығыс Қазақстан	6,6	6,4	6,4	5,7	5,2	5,1
Астана қ.	7,6	6,6	6,6	6,2	5,8	5,7
Алматы қ.	7,8	7,4	7,7	6,3	5,6	5,6

Ескерту. Дерек көзі [3].

Анағұрлым аз дамыған аймақтардың тұрғындарының ұтқырлығы жағдайды жұмсартады. Еңбек мигранттарының негізгі ағымы ірі агломерацияларға және жетекші мұнай-газ аймақтарына (Астана және Алматы қалалары, Атырау, Маңғыстау облыстары) кетеді. Олардың табыстары анағұрлым жоғары болады, жұмысбастылық қалалардағы қызмет көрсету саласында шоғырланады және ресми емес сипатта болады. Дамыған жанұяаралық трансферттер арқасында оңтүстік аймақтар тұрғындарының еңбек миграциясы аймақтарда қалатын жанұялардың табыстарын көтеруге мүмкіндік береді. Алайда мемлекет аймақтық еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты теңгерімдеудің бұл тетігін ешқалай қолдамайды, керісінше, әлсіз дамыған аймақтан келген еңбек мигранттарын қабылдаушы аймақ билігінің қарсы әрекеттері мен жергілікті қоғамның оларға көңілдерінің толмауы туралы айтуға болады.

Тұрғындардың өмір сүру деңгейі бойынша теңсіздігінің анағұрлым сезімтал көрсеткіші табыс болып саналады. Бір жұмысшының 2007–2012 жж. аралығындағы орташа айлық номиналдық еңбекақысы көлемі бойынша жетекшілер Атырау, Маңғыстау облыстары және Алматы мен Астана қалалары болып табылады. Ең кіші орташа еңбекақы Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарының тұрғындары тиесілі (2-кесте).

Жұмысшының орташа айлық номиналдық еңбекақысы, теңге

Аймақ	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
1	2	3	4	5	6	7
Қазақстан Республикасы	52479	60805	67333	77611	90028	101263
Ақмола	36540	41944	47794	54557	64495	74685
Ақтөбе	50271	56090	60375	69726	79878	90241
Алматы	39483	44327	49715	58430	67638	77320
Атырау	94373	111023	129009	148310	165975	180406
Батыс Қазақстан	50242	59362	69455	80101	87503	90728
Жамбыл	33996	37546	43951	51340	61825	72296
Қарағанды	44236	53472	57611	66539	77940	92382
Қостанай	37584	43903	49130	57268	67252	76647
Қызылорда	46859	53333	60227	69753	81518	93361
Маңғыстау	82055	98743	112907	133148	151041	157358
Оңтүстік Қазақстан	36707	41679	48610	57545	67721	75467
Павлодар	46297	52227	56113	64955	75338	85844
Солтүстік Қазақстан	34522	39790	45755	51689	61712	68921
Шығыс Қазақстан	42137	48293	53496	61388	73677	84872
Астана қ.	79210	89631	98864	110838	132612	148287
Алматы қ.	78021	90239	95139	106597	121674	134378
Ең үлкен және ең кіші мәндердің қатынасы	2,8	3,0	2,9	2,6	2,4	2,3

Ескерту. Дерек көзі [3].

Ең үлкен және ең кіші мәндердің қатынасының 2007–2012 жж. аралығындағы серпіні көрсеткендей, жалпы алғанда бір жұмысшының орташа айлық номиналдық еңбекақысы деңгейі бойынша аймақтық ерекшеліктер қысқару құбылысына ие, бірақ онша көп емес. Бұл мемлекет пен бизнес саясаты мен нәтижесі болып табылады, бұл жерде олардың саясаттары әр түрлі. Мемлекет артта қалушы аймақтардағы жұмысбасты азаматтардың тобын құрайтын мемлекеттік қызметкерлерге бірнеше рет еңбекақы көлемін жоғарылатты. Дәл осы уақытта бизнестің шығындарды қысқарту бойынша саясаты жұмысбастылықтың қысқаруына және қолданыстағы жоғарғы еңбекақы көлемінің баяу өсуіне әкелді. Ресурстар өндірумен айналысатын аймақтарда шикізат салаларында қызмет ететін жұмысшылардың еңбекақыларының серпіні орташа аймақтық көрсеткіштерге қатты әсер етеді, өйткені мұнайшылардың, газшылардың және металлургтердің айлықтары жеткілікті жоғары. Осының нәтижесінде осындай аймақтарда еңбекақы көлемі анағұрлым баяуырақ өседі.

Тұрғындардың жан басына шаққандағы табыстарының ресми еңбекақы көлемімен салыстырғандағы едәуір теңсіздігі себептерінің бірі демографиялық фактормен байланысты. Кедей аймақтарда жұмысбастыларға асырайтын адамдарының болуы себебінен жүктеме көбірек түседі, сондықтан жан басына шаққандағы табыс көлемі азаяды. Демографиядан басқа тағы бір себебі мемлекеттің қайта бөлістіру саясатында жатыр. Ол тұрғындар табыстарының әркелкілігін әлеуметтік трансферттер (төлемдер) арқылы жұмсартуы тиіс. Алайда олардың теңгерімділік векторы шамалы. Әлеуметтік төлемдер жағрафиясында анағұрлым көп үлесті зейнетақы алады. Төмен дамыған аймақтарда реципиенттердің көп бөлігін балалар жәрдемақысын алатын тұрғындар құрайды, кедейлерге жәрдем көрсетудің басқа арнайы бағдарламалары әлсіз дамыған. Артта қалушы аймақтар тұрғындарының табыстарын көтеру және аймақаралық теңсіздікті жоюдың анағұрлым тиімді тетігі бюджеттік саладағы еңбекақы көлемінің өсуі болып отыр.

Соңғы бес жыл ішінде көптеген аймақтарда кедейшілік деңгейі екі есе төмендеген, бірақ екі зонада кедейшіліктің шоғырлану құбылысы сақталуда: өмір сүру қымбат және табыстар арасындағы айырмашылық қатты байқалатын дамыған елдердегі тұрғындардың әлсіз топтарында және онша дамымаған аймақтарда.

Жаппай кедейшілік мәселесі өтпелі кезеңнің ең өткір мәселелерінің бірі болды, 1990 жылдардың соңында кедейлердің үлесі ел тұрғындарының 30 %-ын құраған болатын. Әлеуметтік әлсіз топтардың (көп балалы және толық емес жанұялар, мүгедектер, жұмыссыздар), дәстүрлі кедейшілігінен басқа, республикада кедейшіліктің жаңа түрі байқалады — әке-шешелері жұмыс істейтін, бірақ еңбекақыларының көлемі жанұяға ең төменгі күнкөріс көзін қамтамасыз ете алмайтын толық жанұялардың кедейлігі [4].

Одан басқа, кедейшілік мәселелеріне мұнай-газ аймақтары да соқтығысты. Оның деңгейінің 2004 жылмен салыстырғанда екі еседен артық қысқарғандығына қарамастан, ол басқа сипатқа ие болуда. Кедей топтардың арасында өте төмен адам ресурстары (денсаулық, білім, ұтқырлық) бар тұрғындар көбейіп келеді. Тұрғындардың мұндай топтарын кедейшілік күйден шығару қиынға соғады және қымбатқа түседі, сондықтан кедейшілік деңгейінің қысқару қарқыны төмендейді.

Елдің Батысының ресурс өндіруші аймақтарында табыстардың түрленуінен басқа, кедейшіліктің тағы бір факторы — өмір сүру қымбаттылығы (Атырау, Маңғыстау облыстары) болып отыр, ол зейнеткерлер мен балалары бар жанұялар үшін ерекше қиындықтар тудырады. Ауылшаруашылығы аймақтарында, әсіресе республиканың оңтүстігінде табыстардың әртараптануы азырақ, ал өмір сүрудің қымбат еместігі олардың табыстарының төмен болуына қарамастан, кедейшілікті төмендетуге себепші болады.

Кеңістіктік теңгерімсіздікті қысқарту үшін артта қалушы аймақтардағы тұрғындар табыстарын анағұрлым тез өсіру керек. Оны негізінен екі тетік қамтамасыз ете алады — бюджеттік саладағы еңбекақы көлемін едәуір көтеру және әлеуметтік трансферттерді өсіру. Статистикаға жүгінсек, Қазақстанда анағұрлым мәселелі аймақтарды жүйелік республикалық қолдау жүргізілмейді, әйтпесе ол тұрғындар табыстарының өсуінде көрінетін еді. Мойындауға тура келеді, қолдау үшін басым бағытты аймақтарды анықтау тек аймақтық теңсіздікті шешу міндетімен ғана емес, сонымен бірге басқа да критерийлермен түсіндіріледі. Аймақ тұрғындарының табыстарының өсуі және кедейшілік деңгейін төмендету факторлары алуан түрлі және олардың тізімін жүйелеуге болады:

- экономикалық фактор (тұрғындар табыстарының табиғи артықшылықтары мен төмен табыс базасымен қарқындап өсуі);
- республикалық орталықтың қайта бөлістіруші әлеуметтік саясаты (әлсіз дамыған аймақтардың көбісінің табыстарының қуып жетіп өсуі);
- саяси фактор (кейбір аймақтарды ерекше қолдау, бұл олардың тұрғындары табыстарын өсіруден де көрінеді);
- институционалды фактор (бизнеспен ерекше қарым-қатынас, бұл аймақ табыстарын көбейте түседі).

Бірінші екі фактор жетекші рөлді ойнайды, бірақ екіншісі кеңістіктің ерекшеліктерді жұмсартады. Саяси фактор бір бағытта ғана ықпал етпейді, өйткені республикалық орталықтың қаржылай көмегі тек «әлсіздерді» тартумен ғана сипатталмайды. Тұрғындар табыстарының серпініне әсер ететін факторлардың көпқырлылығы және көп бағыттылығы аймақтық теңсіздіктің қысқаруы немесе өсуінің нақты тенденциясын көрсете алмайды.

Өндірістік процестің және аймақтық мүдделердің тұрақтандыру негіздерінің бұзылуы шағын қалалардың ахуалының нашарлауына әкелді, бұл қалалар облыстың өндірістік күштерін орналастырудың бірегей аумақтық жүйесінің маңызды құрамдас бөліктері болып табылады. Қазіргі жағдайдың ерекшелігі келесіде: шағын қалалар өндірістік-ресурстық әлеуеті, оның болашағы бойынша ахуалына әсер ете алмайды, яғни, жұмысбастылық, тұрғындар табыстары, әлеуметтік қызметтер, экология облыстарындағы қолайсыз құбылыстарды жоя алмайды, дағдарыстық ахуалдан өздері шыға алмайды, өзінің ішкі ресурстары есебінен өмір сүре және дами алмайды.

Олар мемлекет, биліктің облыстық және аудандық органдары көмегіне мұқтаж, тіпті халықаралық ұйымдардың да көмегін қажет етеді. Олардың дағдарыстың ахуалының соншалықты өсуі осы күні бұл мәселенің тек облыстық қана емес, сонымен бірге жалпыұлттық деңгейдегі маңызы бар өзекті міндеттердің біріне айналды.

Осылайша, қорытындылай келе, Қазақстанның дамуына тән сипат аймақтардың экономикалық дамуы мен олардың тұрғындарының өмір сүру сапасы деңгейлері арасындағы айырмашылық болып

табылады. Бұл жерде әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері бойынша аймақтардың әртараптануы бір көрсеткіштер бойынша бірталай уақыт жоғары болып сақталады, дәл сол уақытта басқа көрсеткіштер бойынша әртараптануы ұлғая түседі.

Сараптама бағалауларына сәйкес, аймақтардың шектен тыс экономикалық теңсіздігі тек перифериялық аудандардың экономикалық тұрақсыздануына және жалпы аймақтық өнім көрсеткішінің өсуінің қысқаруына ғана емес, сондай-ақ болашақта елдің экономикалық өсу қарқындарының төмендеуіне әкеледі [5].

Сондықтан, аймақтардың еңбек нарығы тұрғысынан алғандағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі олардың пропорциялық емес дамуындағы алшақтықты қысқарту болып табылады. Бірақ бұл шараны тек жетекші аймақтардың деңгейін төмендету есебінен ғана емес, сонымен бірге артта қалушы аймақтарды әлеуметтік-экономикалық көтеру негізінде іске асыру қажет. Берілген бағыттың артықшылығы аймақтардың өз күшіне — оның экономикалық әлеуетіне сүйемелденуі арқылы дамуында жатыр. Белгілі болғандай, аймақ ресурстарын пайдаланумен іске асырылатын жобалар аймақтық әртараптану деңгейінің әлсіреуіне, өз күшімен дамуы есебінен рационалды және әділ аймақтық пропорциялардың қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, мемлекет талпыныстарының ақырғы мақсаты — депрессивті және әлсіз дамыған аймақтардың жаңа жұмыс орындарын ашу және қолданыстағыларын сақтап қалу, инфрақұрылымды дамыту, экономиканы әртараптандыру, жергілікті салық базасын кеңейту және т.б. арқылы тұрақты «өздігінен» дамытуға қол жеткізіледі. Мұның барлығы сонымен бірге аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өршіп келе жатқан өзекті мәселелерінің шешілуіне септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 2012 жылғы 14 желтоқсан // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742
- 2 Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен бекітілген // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000636>
- 3 Казахстан в цифрах. — Астана, 2013. — 32 с.
- 4 *Матаев Т.М.* Региональное развитие и проблемная территория. — Алматы, 2003. — С. 48.
- 5 Современное экономическое развитие Казахстана: отраслевые, региональные, внешнеэкономические приоритеты / Под общ. ред. Б.К.Султанова. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. — 236 с.

Б.С.Есенгельдин, Г.К.Мурзатаева, И.Т.Нурумова

Социальные основы развития регионального рынка труда

В статье рассмотрены основные направления развития трудовых отношений на основе анализа спроса и предложения на рынке труда. Обосновано социально-экономическое значение регионального рынка труда. На теоретико-методологическом уровне исследованы направления обеспечения занятости в рыночной экономике. Определены основные факторы регулирования рынка труда в регионе. Отмечено, что в этих условиях ведется формирование региональной экономической политики с учетом специфики региона, преобладания частного сектора в важнейших производственных и жизнеобеспечивающих отраслях. Предложен организационно-экономический механизм обеспечения эффективности регионального рынка труда с обоснованием нормативно-правовой, организационно-управленческой, информационно-аналитической подсистем. Обобщен опыт совершенствования организационно-экономического механизма развития регионального рынка труда и определены пути повышения его эффективности.

B.S.Yessengeldin, G.K.Murzataeva, I.T.Nurumova

Social foundations of the development of regional labour market

The article describes the main directions of development of labor relations based on an analysis of supply and demand in the labor market. It was justified the socio-economic importance of regional labor market. On the theoretical and methodical level the areas of employment in the market economy were investigated. The main factors of regulation of the labor market in the region were determined. Under these conditions, the formation of regional economic policy, taking into account the specifics of the region, the predominance of the private sector in the most important production and life-supporting industries are continued. Organizational and economic mechanism of ensuring the effectiveness of the regional labor market with justification legal, managerial, informational and analytical subsystems was proposed. The experience in improving organizational and economic mechanism of development of the regional labor market was summarized and ways to improve its effectiveness were identified.

References

- 1 *Address by the President of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbayev to the people of Kazakhstan «Strategy Kazakhstan–2050»: new political course of the established state», December, 14, 2012.*
- 2 *Employment roadmap – 2020. Approved by the Government of the Republic of Kazakhstan, June, 19, 2013, № 636.*
- 3 *Kazakhstan in figures, Astana, 2013, 32 p.*
- 4 Mataev T.M. *Regional development and problem area, Almaty, 2003, p. 48.*
- 5 *Modern economic development of Kazakhstan: sectoral, regional, economic priorities / Ed. B.K.Sultanov, Almaty: KISR under the President of Kazakhstan, 2011, 236 p.*

UDC 327.7: 338.482.2 (574)

A.T.Tleuberdinova, A.G.Askeyev

Ye.A.Buketov Karaganda State University (E-mail: tat404@mail.ru)

Analysis of advantages and disadvantages of the Eurasian economic union for the development of the tourism economy of the Republic of Kazakhstan

The article examines the advantages and disadvantages of the integration process in the field of tourism the three Commonwealth of Independent States countries: Kazakhstan, Russia and Belarus, in the framework of the Eurasian Economic Union. The main method of research is a comparative analysis of the positive and negative aspects of the processes for the tourism industry of the Republic of Kazakhstan. Given the fact that in modern conditions the international economic integration is one of the main manifestations of globalization of the economy and developed within this general universal process, the relationship of the Eurasian Economic Union with the international community was considered. Authors summarize that the formation of Eurasian Economic Union will require a lot of work to address the legal, institutional, technical, organizational and procedural issues in a number of interrelated areas. In this regard, the key is the correct sequence of steps, especially given the compressed timeframe.

Key words: economic integration, EurAsEC, Customs Union, tourism industry, transition, international community.

World experience shows that real economic integration is possible and can be effective only between countries with well-developed economic potential. In the CIS, to such far can be attributed only to Russia, Ukraine, Belarus and Kazakhstan. This explains why it is three Commonwealth countries — Russia, Belarus and Kazakhstan — have initiated the formation of the Customs Union (CU), and in the future — the Common Economic Space (CES).

In this case, the term « economic integration» is meant not just cooperation, and the process of rapprochement and mutual adaptation of national economies, are accompanied by a coherent economic policy, the creation of institutions, which, instead of national states in part undertakes to perform certain functions in

the field of economics and law, resulting in an overall, and then a single economic and legal space, the development of which is no longer exclusively the task of nation-states.

World experience economic convergence between developed and developing countries, as well as analysis of the economic relations between the CIS and the Eurasian Economic Community (EurAsEC) indicate the inevitability of the passage of a number of objectively necessary integration steps from its initial form — a free trade area and customs union — to more advanced — single customs territory and a common market of goods [1].

In particular, the evolution of trade and economic cooperation of EurAsEC member states covers the fundamental parameters sequential formation of a common market for goods:

- Trade and tariff policies between states, forming a common market for goods;
- Trade regime with third countries;
- Non-tariff regulation of foreign trade, the use of administrative levers;
- Indirect taxes (VAT and excise duties);
- Settlements of foreign trade;
- Currency regulation and currency control in foreign trade;
- The organization of customs;
- Educational and social organizations [1].

It is believed that each new stage of integration has to mature. Any haste inevitably lead to failure of the economic mechanism at a later coil. Thus, the prospect of positive changes in the development of mutual trade of the EurAsEC countries and TC depends on the one hand, from the output of these countries from the economic crisis and the rise of their national economies in the course of market reforms, restructuring of the economy and to improve its efficiency, and on the other — from development of integration cooperation, practical implementation issues related to the gradual formation of a common market of goods.

These processes are complex, and in some states of the EurAsEC and CU develop ambiguous. Taking into account the actual situation prevailing at the present stage should focus on the «settling» of the Customs Union on addressing such priorities formation of a common market for goods, as the normal functioning of the Customs Union of the common customs tariff and non-tariff regulation uniform foreign trade single currency control order, harmonization of tax policy in the implementation of foreign trade, the creation of favorable conditions for the occurrence of states — members of the Customs Union to the World trade Organization, the improvement of external borders of the Customs Union and the proper organization of customs control at these boundaries, creating a mechanism for implementing agreements and harmonization decisions [1].

Some positive developments emerging in the development of the national economies of the vehicle, suggest that the process of reducing the mutual trade in the context of the global economic crisis and a reduction in their interest to multilateral cooperation is temporary and in the medium term can be overcome. That post-crisis state of the national economies of the vehicle, the real prospect of the crisis on the margins of world politics and economics are pushing our countries to cooperate more closely [1].

Today, the creation of the Eurasian Economic Union (EEU) is becoming more real. Customs Union (CU) between Belarus, Kazakhstan and Russia is functioning for more than three years. Since the beginning of 2012, the Common Economic Space (CES) of the three countries have been formed. The same year at the 1st of February new supranational body of CES — Board of Eurasian Economic Commission (EEC) is begun its job.

At each new stage this process becomes deeper and broader, despite the very tight deadlines of ongoing integration.

So, if trade relations between the two countries has been simplified by the CU, the CES has not only facilitated the movement of goods, but also capital and labor in our countries. And the first «union ministry» — Board of EEC appeared two years ago having the right to make decisions binding upon the authorities of the participating countries.

Thereby, despite the criticism of Eurasian integration opponents and simply bystanders, integration processes in Eurasia amplified. Certainly, it took a little more time to make the first assessment of the effectiveness of the already established institutions and institutions of a new regional association creating now. Therefore, this article provides a general and preliminary assessment of the advantages and disadvantages of the created Eurasian Economic Union for the tourism economy, as well as proposing some methodological approaches to its formation.

The nascent Eurasian Economic Union is a special region of the world due to several factors.

Firstly, because it is formed within a particular historical pattern, namely the alternation of two successive forms of organization of the Eurasian geopolitical space changing each other — a single statehood and the system of states. Eurasian space is integrated under the rule of the Scythians, Huns, Khazars, Mongols, Slavs, Soviet Communists, then disintegrated [2]. The influence of recent regional geopolitical transformations on the world economic system as a whole has always been significant.

Secondly, a special combination of natural and geographic, demographic and economic conditions makes the region unique. Rich resources and economic potential of the Eurasian space is an important factor in the development of not only the region, but also the entire global economy.

Thirdly, a unique Eurasian culture had and has a great influence on the development of world civilization, absorbed the rich cultural heritage of Slavic, Turkic, and numerous other European and Asian ethnic groups living in the Eurasian space.

Considering Eurasia as a separate region, we recognize that there is sufficiently high potential of natural solidarity of the peoples living in the region, due to their living together for centuries, as well as ethno-cultural, economic and migratory interaction.

Certainly to assess the future role of created Eurasian Economic Union in the global economy, resource and economic characteristics of the region, as well as those strategic policy, which aims to establish regional association are determinant.

Territory and resource potential of the Eurasian space* are enormous. Countries in the region have an area of 22.3 million km² (16.4 % of the Earth's land), where 281 million people (4.4 % of world population) is living. The region concentrated 25 % of the known basic world minerals, estimated in the range from 30 to 40 trillion dollars. The region accounts for about 40 % of world reserves of natural gas, 25 % coal, 20 % oil, 25 % forest, 13 % of arable land and 11 % of fresh water. Agricultural land is valued at 524 million hectares, while the share of the space's countries in the global grain production has reached 63 % [3].

States of the region have considerable industrial potential (about 10 % of world industrial production). Considering that all three countries — participants of the EES are currently engaged in active diversification of their economies, with emphasis on the implementation of high industrial technology and innovation we can expect an increase in industrial capacity and the region's share in world industrial production. Anyway according to the CIS experts, the four most developed countries in the region — Russia, Ukraine, Belarus and Kazakhstan — subject to coordination of their actions and synergies in the foreseeable future can offer the world market 10–15 macro technologies (including aviation, space, nuclear, engineering, shipbuilding, bio and nanotechnologies, etc.) from 55 known in the world [4].

Eurasian region also has a unique transit potential. Transcontinental geographical position between Europe and the Asia-Pacific region enhances its global competitiveness. Development of land transport and implementation of several large international projects in the transport and communication sector will strengthen the role and importance of the region to ensure world economic relations [1].

Particularly noteworthy is the tourist potential of the territories of the participating EEU countries. Endless river, clear lakes, dense forests, steppes spacious, a huge amount of pristine natural places, shrines, museums, monuments of history and culture — all this potential for rational and proper use will provide not only the total revenue growth of the participating countries, but also become the basis sustainable development of their economies.

Thus, the comprehensive implementation of the resource, demographic and tourist potential of the Eurasian space could become the basis for economic growth, ensuring the stability of social development and improve the living standards of people in the region in terms of economic integration.

